

Әдіскер: Аллиярова К.Ж.

«22» «05» 2024ж

Қолы:

Тәрбиеші: Аллиярова К.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
1 апта

Мектепке дейінгі ұйымы: «№3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Топ: «Гүлдаурен»

Балалардың жасы: 3-4 аралас топ

Қандай кезенге жасалды (02-03 мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы):

Күн тәртібі				Бейсенбі 02.05.2024ж	Жұма 03.05.2024ж
Балаларды қабылдау				Күй күмбірі «Әке толғауы» "Құшақ сыйлау" күні – Келген балаға «Жылы құшақ», «Жүрекшелі қол бұлау», «Құпия кошмет» секілді таңдау ұсынылады.	Күй күмбірі «Әке толғауы» "Сиқырлы есік" арқылы қарсы алу – Тәрбиеші қолына сиқырлы таяқша ұстап, әр баланың атын атап: «Сиқырлы есіктен тек күлімдеген бала өтеді!» деп қарсы алады.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру				Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық,				Өсімдікке су қажет пе?»	«Біз еңбекқ ормыз» фотосуреттерін

коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)				 Мақсаты: – Өсімдік тіршілігіне су қажет екенін қарапайым бақылау арқылы түсіндіру – Табиғатқа қамқорлық сезімін тәрбиелеу – Күтіп-баптау дағдысын қалыптастыру Экологиялық тәрбие	қарастыру – Балалар өздерінің тазалық, еңбекке көмектесу сәттері бейнеленген суреттерді көреді – «Мына бала не істеп жатыр?», «Сен үйде осылай көмектесесің бе?» деген сұрақтар қойылады Әлеуметтік дағдылар
Ертеңгілік жаттығу				Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)

Таңғы ас				Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)					Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану Жапсыру
Кестеге сәйкес ҰІӨ 3 жас				Қазақ тілі Балалардың ересектермен және	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:

					тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіре жүру; Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі жүгіру; аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне домалату доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр) еңбектеу. 15-20 сантиметр биіктіктен секіру саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету. <u>Қимылды ойын:</u> «Допты дәлдеп лақтыр»
4 жас				Музыка Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен). Әнді мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен	Дене тәрбиесі Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу. Тізерлеп

				үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қазақ тілі Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.	отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыменөкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру
Серуенге дайындық				Көрсету бойынша киімдерін кияді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)	Көрсету бойынша киімдерін кияді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)
Серуен	.			Жәндіктерді бақылау	Бақбақ гүлін бақылау

				Мақсаты: «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: - Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) - Қанды сорып сүліктей, Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дей? (маса) - Ызындап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа	Мақсаты: бақбақ гүлі туралы білімдерін тиянақтау (гүлдеудің алғашқы кезеңіне көңіл аудару); — табиғатты қорғау және сақтауға деген ынталары мен іскерліктерін қалыптастыру; — емдік өсімдіктер туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз. Аппақ, аппақ бақбақтар, Үлбіреген бақбақтар, Құдды киіз ақ үйлер. Парашюттен аумайды. Төнеді кеп жан-жақтан, Сәл-пәл самал жел соқса, Тамашалап сәбилер. Ақ ұлпалар заулайды. Кәдімгі бақбақ көктемнің тұңғышы. Халық оны «Жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атайды. Бақбақ көп жылдық шөптес өсімдік. Олар көбінесе
--	--	--	--	--	--

			қонады. Бұл не? (шыбын) - Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) - Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Тәрбиеші сұрақтары. ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦ Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? (көбелек, құрт т.б) ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозандандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан	үлкен жүргінші жол бойында, егістікте, шабындықта, жаңа тыңая бастаған жерлерде өседі. Бақбақтың гүлді сабақтары жапырақсыз, ең ұшында бір ірі гүл табақшасы болады. Бақбақ басын күн қызуына қарай бұрады. Күн батқан кезде гүл жапырақтары жабылып қалады, ал, таңертең күн сәулесімен бірге ашылады. Бақбақ-тың гүл оралғысы екі қабат. Сәуір айынан қыр-күйек айына дейін гүлдейді. Гүл жарып болған кезде гүлдері ұлпа ұлпілдек «парашюттерге» айналады. Бақбақтың барлық бөлігі, әсіресе сабағы сүт сымаққа бай. Бақбақ дәрілік өсімдік. Дәрі жасау үшін бақбақтың тамырын, гүлін, жапырағын пайдаланады. Бақбақтан жасалған дәрілер тәбетті ашуға, ас қорытуға, қан қысымын
--	--	--	---	---

				личинкалар өсіп шығады) ◆ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? (бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.) ◆ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? (ара, жібек құрты, құмырсқа). ◆ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ◆ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ◆ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Алаңды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: үлкендерге көмек беруге,	түсіруге, қатты ісіктерді басуға, ыстықты түсіруге тағы басқа көптеген ауруларды емдеуге пайдаланады. Бақбақты ең қажет дәрілік өсімдік ретінде сақтап, қорғау керек. Балаларға сұрақтар. ◆ Бақбақ гүлінің түрі қандай?? ◆ Ол жылдың қай мезгілінде әдемі болып көрінеді? ◆ Бақбақтың қандай лақап аттары бар? ◆ Бақбақты неге дәрілік өсімдік дейміз? Зерттеу жұмыс: Бақбақтың сабағын кесіп, сүт сияқты сұйықты қарау. Еңбек. Гүл егілген алаң айналасын тазалау. Мақсаты: Үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Өз гүлінді тап». Мақсаты: — түстерді айыра
--	--	--	--	--	---

				үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аюлар мен аралар». Мақсаты: кеңістікте жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жақсарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады.	білуге, белгі бойынша әрекет етуге үйрету. Жаттығу ойыны. Қимылдарын дамыту Мақсаты:- Қимыл белсенділіктерін арттыру; - Ұзындыққа секіруге жаттықтыру
Серуеннен оралу				Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).

				үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	
Түскі ас				Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)
Күндізгі ұйқы				Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)

				ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)	
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.</i> (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.</i> (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)		<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.</i> (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)	<i>Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.</i> (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)

Бесін ас				Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және				Туды салыстыру,ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру	«Не істеуге болмайды?» Үлкендердің алдынан.....(кесіп өтуге) болмайды. Кішкене баланы.....(жылатуға) болмайды.

басқалары) 3 жас				Математика негіздері Жеңіс күні құтты болсын, Құтты болсын аталар. Ұмытпайды ешқашанда Жауынгерді балалар. Көркем әдебиет -Балалар жер шары балаларының тілегі не? Дұрыс айтасындар, балалар барлық жер шарындағы балалардың тілегі осындай екен, ендеше балалардың тілегіне «Отан» өлеңін айтайық. – -Бейбітшілік болсын! -Соғыс болмасын! -Достық болсын! Балалар өлең жолдарын айтады. Сөйлеуді дамыту	Құстарды (атуға) болмайды. Қыз баланы.....(ренжітуге) болмайды. Балабақшадан(кешігуге) болмайды. «Не істеу керек?» Үлкен кісіні.....(сыйлау) керек. Үлкеннің(тілін) алу керек. Үлкендерге(сәлем беру) керек. Кішілерді(қамқорлау) керек. Өйткені біз қорғаушылармыз
4 жас				Жеңіс күні құтты болсын, Құтты болсын аталар. Ұмытпайды ешқашанда	Отан үшін отқа түс,күймейсің –деген сөз бар халқымызда. Отан үшін жаным қиған қанша біздің батырларымыз бар.

			Жауынгерді балалар. Көркем әдебиет -Балалар жер шары балаларының тілегі не? Дұрыс айтасындар, балалар барлық жер шарындағы балалардың тілегі осындай екен, ендеше балалардың тілегіне «Отан» өлеңін айтайық. – -Бейбітшілік болсын! -Соғыс болмасын! -Достық болсын! Балалар өлең жолдарын айтады. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар,	Т.Тоқтарыв.М.Мәметов а,Ә. Молдағұлова.т.б. Ел басына күн туғанда Отанын қорғап, елге амансау оралған батырларымыз Б.Момышұлы болған , Әлия Молдағұлова-бұл апамыз снайпер болған көздеп тұрып көп жауларға қарсы тұрған., Бауыржан Момышұлы-қол басшы болған., Талғат Бегилдин т.б батырларымыз көп Қоршаған әлеммен таныстыру Жеңіс келді ән болып Келді ауылға ән болып Жеңіс келді алақай Тоя жейтін ән болып Көркем әдебиет Жеңіс туы Суретті бояту Сурет салу Уақытты бағдарлау.Танертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру
--	--	--	---	---

				кұбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу Сөйлеуді дамыту Отан қорғаушылар жайлы видеоролик қосу Қоршаған әлеммен таныстыру.	Математика негіздері
Балалармен жеке жұмыс				Амирге «Соқыр теке». .М/ы.Балаларды ұйымшылдыққа тапқырлыққа үйрету	Ульянаға ойыншықтардың түрлері жайлы Т/ж/о: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.
Серуенге дайындық				Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі	Киініп-шешіну кезінде шешуге жаттықтыру. Киіміндегі Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).

				қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).	киімдерін белгілі тәртіппен киюге және
Серуен				<i>Ұқсас заттарды жинап қораптарға орналастыру</i> <i>Танымдық тапсырма: «Ұқсас заттарды қорапқа сал»</i> — <i>Әртүрлі ұсақ табиғи заттар (жапырақтар, тастар, жаңғақтар)</i> көрсетіледі — <i>Ұқсастарын бір қорапқа, әртүрлілерін басқа қорапқа жинайды (Математика негіздері)</i>	Қоршаған әлеммен таныстыру: «Ауа райын бақылау» — Балаларға күннің көзі бұлт арасынан көрініп тұрғанын көрсету — Кешке қарай күннің суытатынын түсіндіру — «Кешке неге жылы киіну керек?» деген сұрақ қойылады К/о «Кім жылдам?» ойыны Еркін қимылды ойындар
Серуеннен оралу				Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып,	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.

				киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).	Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) 3 жас				Ұлттық ыдыстарды көлеңкесімен сәйкестендіру атын атау. Сөйлеуді дамыту Ұлттық киімдер пазлы Құрастыру әрекеті Тақияны әшекейлеміз. Мүсіндеу әрекеті Домбыра ойыны Домбыранын қандай аспап екенін айту және жабыстыру. Жапсыру әрекеті Нүктелі сурет салу әдісімен кесенің суретін салу Дәстүрден тыс сурет салу	Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша бірдей екі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру Математика негіздері құрылыс материалдарынан құрастыру бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салу, жолақта және бұрыштарға қазақ ою-өрнектерінің қос элементін салу.қамырдан мүсіндеуге қызығушылық таныту, үйрету Сюжеттік жапсыру.Балаларды жалпы композиция құрастыруға үйрету. Құрастыру, мүсіндеу, сурет

					салу,жапсыру
4 жас				Балаларды жарты шеңбер етіп отырғызу. Суреттердің бір бөлігін көрсетіп, оның не зат екенін таптырту. Ол затты тапқан бала ол туралы ән тақпақ немесе ойдан ертегі құрап немесе ол қалай пайда болды айтып беруі керек көркем әдебиет Сергіту сәті Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта өдері таңдаған заттың суретін салса сурет салу Екінші орталықта геометриялық денелерді(куб, шар, цилиндр) танып, атап тапқан затпен сәкестендіргізу. «Кім тапқыр» ойынын ойнату. Ойын бойынша топтағы заттардан осы денелерге	Әрқашан күн сөнбесін тақырыбында көрме ұйымдастыру.Аата-аналрмен бірге,Шығармашылық дағдылар Уақытты бағдарлау.Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру Математика негіздері Суретке қарап әңгіме құрату.Сөйлеуді дамыту

				ұқсасын тапқызып жинату. математика негіздері	
Балалардың үйге қайтуы				Тазалық – денсаулық кепілі — Балаңызды үйге келе салысымен қолын жууды, киімін ауыстыруды әдетке айналдырыңыз. — Кешкісін бірге жуыну, тісін тазалау да – жақсы күн тәртібінің бір бөлігі.	. Дұрыс тамақтануды жалғастырыңыз — Балабақшада біз балаларға пайдалы, теңгерімді тағам ұсынамыз. — Үйде де көкөніс, жеміс, сорпа, сүт өнімдері сынды пайдалы тағамдарды ұсынуға тырысыңыз. — Газдалған сусын мен тәттіден шектеу қажет екенін ұмытпаңыз.

Әдіскер: Алдиярова К.Ж.

« 06 » « 05 » 2024ж

Қолы: 

Тәрбиеші: Алдиярова К.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
2 апта

Мектепке дейінгі ұйымы: «№3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Топ: «Гүлдіз»

Балалардың жасы: 3-4 аралас топ

Қандай кезеңге жасалды (06-10 мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы):

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.05.2024ж		Сәрсенбі 08.05.2024ж		Жұма 10.05.2024ж
Балаларды қабылдау	"Құпия сөзбен кіру" – Әр күнге бір құпия сөз тандалып қойылады. Мысалы: «Көңілді күн!». Кім дұрыс айтса – қол шапалақтап, қошемет көрсетіледі.		"Сиқырлы айнаның амандасуы" – Айнаның бетіне күлімсіреген смайлик не қызықты сөз жазып қойып, бала солай амандасып өтеді.		"Әуенді есік" – Балалар келіп жатқанда артқы фоннан жайлы балалар әні ойнап тұрады. Өнге қосылып келген балаға жұлдызша немесе жүрекше сыйланады.
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме		Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме		Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік,	Дидактикалық ойын: «Абайла, қауіпті!» балалардың қауіпті		Шығармашылық тапсырма: "Дастархан әзірлейміз"		Сөздік ойын «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды

шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	жерлер туралы білімдерін кеңейту. Қауіпсіздік ережелері 		– Балаларға ұлттық тағамдардың (бауырсақ, қымыз, ет, құрт) суреттері ұсынылады – Оларды түрлі түсті қағазға жапсырып, «дастархан» құрастырады – Әр бала өз тағамын таныстырады: «Мен бауырсақ әкелдім», т.б.		атап бер». Әлеуметтік, коммуник ативтік дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)		(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату		Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени- гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты		Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-		Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып Тамақтанып болғаннан

	қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие		гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)		кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени- гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті))
Ұйымдастырылған іс- әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҮІӨ)	Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасауды үйрету		Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдануды дамыту.		Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру дағдыларын пысықтау.
Кестеге сәйкес ҮІӨ 3 жас	Дене тәрбиесі Солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптанбұрылып, етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта) Қолдарды		Музыка Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Балалар музыкалық аспаптарында ойнау. Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, металлафон, қоңырау,		Дене тәрбиесі Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.

	алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;		сылдырмақ, маракас және барабанды ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету.		
4 жас	Дене тәрбиесі бағытты және қарқынды өзгертіп жүру 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Бөренеден аттап өту орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. допты жоғары лақтыру қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан аттап өту, араларын алшақ ұстау және жақын тұру.		Дене тәрбиесі Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыменөкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру.		Дене тәрбиесі Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерінсаналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың

					белсенділігін дамыту.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту		Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту		Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту
Серуен	Ауа-райын бақылау Мақсаты: Көктем мезгілінің аяғына қарай өлі табиғаттағы болатын құбылыстар туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру. Бақылау барысы Көркем сөз. А.Мендібай Мамыр айы келгенде, Дала гүлге толады. Жайнап барлық атырап, Қызық-думан болады. Бақшамызда біз екен, Гүл шоқтары гүлдейді. Жапырақтар сыбырлап, «Қандай көркем, көр»-		Велосипедті бақылау Мақсаты: велосипедтің қажеттілігі туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Балаларға жұмбақ жасыру Бірде екі дөңгелекті, Бірде үш дөңгелекті. Қажет кезде онымен, Қызыққа да батасың, Артып алып сөмкеңді, Серуендеп те қайтасың. (велосипед) Балаларға сұрақтар. Балалар, велосипедтер қандай болады? (балаларға және үлкендерге арналған)		Найзағайды бақылау Мақсаты: «Найзағай» ұғымымен таныстыру; Табиғат құбылыстары туралы шынайы түсініктерін қалыптастыру; Сөздік қорларын байыту; Бақылағыштықтарын дамыту. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады -Аспанда от қамшы осады, Ащы үнін ышқынып қосады.

	дейді. Тәрбиеші аулаға ерте көктем көрнісі бейнеленген сурет алып шығып, балалармен әңгіме өткізеді. Балалар, қараңдаршы, мына суретте жылдың қай мезгілі суреттелген?(көктем). Ал, сендер суреттен не көріп тұрсыңдар? (қар еріп жатыр,жер су болып жатыр, балалар құстарға ұя жасап жатыр) Қар неліктен ериді, адамдар неліктен жеңіл киінеді? (күн жылығандықтан) Ал, көктемнің бұл мезгілін қалай атаймыз? (ерте көктем) Ерте көктем мен қазіргі мамыр айындағы табиғат көнісінде, ауа-райында өзгешелік бар ма? Қандай? (балалар жауабы тыңдалады) Қазір аспан көрнісі қандай? (ашық көк) Ағаштар бейнесі қандай болды? (барлық		Олардың қандай айырмашылығы бар? (көлемімен және дөңгелегімен) Велосипед қандай бөліктерден тұрады? Велосипедте жүру қиын ба? Қалай ойлайсыңдар, велосипедпен жүру үшін жол ережесін білу керек пе? Велосипедтің машинадан қандай айырмашылығы бар Велосипедпен бір уақытта неше адам жүруге болады ? Еңбек Алаңға баратын жолдарды қоқыстардан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге деген құлшыныстарын қалыптастыру. Қимылды ойын «Теңге алу». Мақсаты: ептілікке, жылдамдыққа, жеңіске жетуге деген құштарлыққа баулу. Жаттығу ойыны		-Дүрліктіріп алапты, Шақпақ тастың жарқылы, Бұлт көрпесін жыртады. Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не екен? Найзағай қай кезде ойнайды? Аспан неге күркіреді? Күн күркіреп, найзағай ойнаған кезде табиғатта қандай құбылыс болады? (жаңбыр жауады) Найзағай ойнап, жаңбыр жауғанда құрт-құмырскалар не істейді? (індері мен илеулеріне тығылады) Қалай ойлайсыңдар, найзағай неден пайда болады? Ауа-райы нашар болған кезде бұлттар арасында электр тогы жиналады. Найзағай-бұл үлкен электр тогының ұшқыны. Ұшқындар айналадағы ауаны қыздырады. Ыстық ауа салқын ауамен соқтығысады да, күннің
--	---	--	--	--	--

	ағаштар жапырағы жайқалып, жап-жасыл болып тұр). Қыста қар жауған кезде ауа температурасы қандай еді? Жаңбыр қандай температурада жауады? Көктемнің соңғы айында табиғатта қандай өзгерістер болды?(күн шуағы молайды, гүлдер шықты, шөптер өсті, ағаштар жасыл жапыраққа малынды). Еңбек Кішкентайлар алаңын қоқыстардан тазалауға көмектесу. Мақсаты: кішкентайларға көмектесу, еңбекке деген құлшыныстарын арттыру. Қимылды ойын «Үшінші артық». Мақсаты: ойын ережесін сақтап ойнауға, аңғарымпаздыққа баулу. Ұлттық ойындарға деген		Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз өлшемін, объектіні бағдарлай білулерін дамыту. Мақал: Жолда жүрсең, сақ жүр.		күркіреуі пайда болады.күн күркіреген кездегі найзағай өте қауіпті. Найзағай жалғыз тұрған, биік заттарға жиі түседі. Сондықтан да найзағай ойнап тұрған кезде ағаштың астына тұруға болмайды. Зерттеу қызметі Жәй жаңбыр мен найзағайлы жаңбырды салыстыру, ұқсастықтыры мен айырмашылықтарын табу. «Найзағайлы жаңбыр» Ө. Ақышбекұлы Нөсерлеп жаңбыр басталды, Науада қалқып қақ қалды. Найзағай тынбай жарқылдап, Нөсер тұр құйып сатырлап. - Найзағайлы жаңбырды қалай атайды екен? (нөсер) Еңбек 1 топ- ауланы тырмамен тазалау;
--	---	--	--	--	---

	қызығушылықтарын арттыру. Жаттығу ойыны Қимылдарын дамыту. Мақсаты: Допты берілген бағытқа қарай оң және сол қолмен лақтыруға жаттықтыру; Қозғалыс координацияларын сақтау; Мақал-мәтел -Сәуір айы-су айы, Мамыр айы- гүл айы.				2 топ-қоқыстарды шығару Мақсаты: Шағын топтарға бөлініп жұмыс істеуге үйрету; Ұжыммен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге деген ынталарын арттыру. Қимылды ойын «Өз ағашыңды тап». Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауға, зейінді, байқағыш және жылдам болуға үйрету. Жаттығу ойыны «Ағаштан ағашқа дейін». Мақсаты: екі аяқпен және бір аяқпен секіруге жаттықтыру Халық болжамы: - Ерте көктемде найзағай ойнап, күн күркіремесе, жаз құрғақ болады. Қарлығаш келсе күн күркірейді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.		Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.		Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.

	Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).		Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).		Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті)
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)		Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)		Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сұрту, орамалды ілу (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)
Күндізгі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі		Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)		Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі

	және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)		Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)		және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)		Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)		Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз		Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан		Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.

	орнын тауып отыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)		кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)		Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) 3 жас	Көктемнің екінші айы Мамыр екенін. «Мамыр болмай тәуір болмайды» деген мақалдың мағынасын түсіндіру. Табиғаттағы өзгерістер. Қызғалдақ, бәйшешек, наркес гүлдері туралы ақпарат беру. Топтағы гүлдерге күтім жасау туралы ақпарат алып, топтағы гүлдерге күтім жасату. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі гүлге сәйкес топтарға бөлу. Ал екінші орталық гүлдер бағын құрастырады. Бірінші топ гүлдерді қағаздан жасату. (кұрастыру, жапсыру)		Топтағы күн тәртібі бейнеленген тақтаға назарларын аудару. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды қалыптастыру: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Жеке қима суреттер арқылы анықтату. (математика негіздері) «Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшым ен жасату. (музыка)		Қайырлы таң, балалар! Арайланып таң атты, Алтын шапақ таратты, Қайырлы таң, балалар! Тақпағын жаттату Зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануды және зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдануды үйрету. Жеке балалармен үстелде ойыншықтарды ойнату (сөйлеуді дамыту)
4 жас	Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы),		Қой баласы қоңырым, Қойдан жуас момыным. Шопан ата түлегі Қошақаным қайдасың. Көркем әдебиет	“	Слайдпен жұмыс Үй жануарлары және олардың адамға тигізер пайдасымен таныстыру Қоршаған әлеммен

	оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Қоршаған әлеммен таныстыру Суретпен жұмыс төрт түлік жайлы, суретке қарап әңгіме құрау Сөйлеуді дамыту Қойдың пірі – Шопаната. Жылқының пірі – Қамбар ата. Түйенің пірі – Ойсыл қара. Сиырдың пірі – Зеңгі баба. Ешкінің пірі – Сексек ата Көркем әдебиет Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру Математика негіздері		Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Сөйлеуді дамыту Қойды видео арқылы көрсету, сұрақтар қою Қоршаған әлеммен таныстыру		таныстыру, Әлеуметтік дағдылар Әр жануардың беретін пайдасын сызба арқылы көрсету (Әр баламен жеке жұмыс) Пазл құрастыру сан бойынша Құрастыру әрекеті, танымдық дағдылар математика негіздері Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Сөйлеуді дамыту таныс бірнеше шығармаларды атауға, мазмұндауға, сахналауға үйрету Көркем әдебиет
Балалармен жеке жұмыс	Айбарға отбасы мүшелері туралы		Давидке мемлекеттік және ұлттық		Айлингке қарапайым себеп-салдарлық

	әңгімелеп, оларға өзінің қарым-қатынасын білдіруді үйрету		мерекелерге қатыстыру		байланыстарды орнатуды үйрету
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).		Киініп-шешіну Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).		Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).
Серуен	Қимылды ойын «Поезд» – Балалар бір-бірінің артына тұрып, «поезд» болып қозғалады – Тәрбиеші: «Поезд ауылға бара жатыр» деп айтып отырады – Кейде поезд тоқтап, «жолаушылар» табиғатқа қарап демалады		Құрылыс материалдарымен еркін ойын – Балалар ағаштар, үйшіктер, көпірлер салады – Тәрбиеші: «Біз гүлдер мен құстарға үй салып жатырмыз» деп қызықтырады		Қимылды ойын: «Мекен мен балапандар» – Балалар – «балапандар», ал тәрбиеші – «ана қораз» – Тәрбиеші шақырғанда, балапандар жүгіріп келіп тығылады

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).	\	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).		Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары) 3 жас	«Менің досым кім?» Мақсаты: Балаларға достық туралы түсінік беру, сөйлеу дағдыларын дамыту Барысы: – Шеңберде отырып, әр бала өз досы туралы бір сөйлем айтады: «Менің досым – Аружан. Ол маған сурет салуға көмектеседі.» – Тәрбиеші «Досың не істей алады?», «Досың қандай?» деп бағыттап сұрақ қояды		Жұмбақ жасыру: «Тапта, айт!» Мақсаты: Логикалық ойлау, сөздік қорды байыту Жұмбақтар: <i>Көкке ұшып кетеді, Қанаттарын көреді. (Құс)</i> <i>Үлкен де емес, кіші де емес, Жап-жасыл, жап-жалпақ. (Жапырақ)</i> – Балалар шешімін айтқанда қимылмен көрсетіп ойнауына болады		Тілдік жаттығу: «Айт, көрсет, қайтала» Мақсаты: Сөздерді қолдану, тіл бұлшықеттерін жаттықтыру Барысы: – Тәрбиеші тақырыптық суреттер көрсетеді: (гүл, үй, тау, көл, ту, балапан, т.б.) – Балалар оны атап, сөйлем құрастырады: «Бұл – гүл. Гүл әдемі.» «Бұл – ту. Ту көк түсті.»

4 жас	Сиырдың ерекшелігі сүтті өте көп береді. Сүтінен тәтті айран, құрт, ірімшік, май жасайды. Жайлауда жайылғанды ұнатады. Сиырдың суретін бояу, Сурет салу  сиырдың суретін жабыстыру, Жапсыру  Қиындыларға ермексаз орналастыру, Мүсіндеу		Қойдың бейнесіне мақта жабыстыру Жапсыру Суретін бояу Сурет салу  Қағаздан қойды жасау. Құрастыру Ермексаздан қойдың мүсінін жасау Мүсіндеу		Мысықтың суретін бір топ жапсырады, бір топ мысықтың суретін бояйды. Жапсыру әрекеті, сурет салу әрекеті Ермексаздан құрт жасау Мүсіндеу әрекеті Үй жануарларын санап, сандарын ажырату Математика негіздері
Балалардың үйге қайтуы	Күн тәртібі – баланың тыныштық пен тәртіп кепілі – Үйде де белгілі бір режимді сақтау – баланың жүйке жүйесін, мінезін, денсаулығын қалыптастырады – Баланың тамақ ішу, тынығу, ойын және ұйықтау уақытын		Бала тәрбиесі – бірізділікпен маңызды – Біз балабақшада әдептілік, жақсы сөз айту, тыңдай білу дағдыларын үйретіп жатырмыз – Үйде де осы тәрбие бағытында бірге әрекет ету – баланың тұрақты		Бүгінгі жетістігіне қуаныңдар! – Баланың бүгінгі жетістігін мақтап қойыңыз: «Сен бүгін қандай ақылды бала болыпсың!», «Жақсы тыңдап, досыңмен бөлісіпсің!» – Бұл оның өзіндік

	жүйелі ұйымдастыруға тырысыңыз		мінезін қалыптастырады		бағасын қалыптастырады
--	-----------------------------------	--	---------------------------	--	---------------------------

Әдіскер: Алдиярова К.Ж.

«13» «05» 2023ж

Қолы: 

Тәрбиеші: Алдиярова К.Ж.

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
3 апта

Мектепке дейінгі ұйымы: «№3 «Айналайын» бөбекжай-бақшасы» МҚКК

Топ: «Гүлдәурен»

Балалардың жасы: 3-4 аралас топ

Қандай кезеңге жасалды (13-17 мамыр айы, 2023-2024 оқу жылы):

Күн тәртібі	Дүйсенбі 13.05.2024ж	Сейсенбі 14.05.2024ж	Сәрсенбі 15.05.2024ж	Бейсенбі 16.05.2024ж	Жұма 17.05.2024ж
Балаларды қабылдау	Көңілді күн әнімен қарсы алу "Қуыршақпен амандасу" – Қуыршақ (мүмкін болса бала дауысты) әр балаға жылы сөз айтып, жеке амандасады.	"Көңіл-күй бұрышы" – Есіктің жанында көңіл-күй таңдау тұғыры тұрады. Бала смайликпен өз көңіл-күйін көрсетеді: «Күліп тұрмын», «Ұйқым қанбады», «Керемет күн».	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Әуенмен қарсы алу – Балалар сүйікті әндерімен қарсы алынады	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдыратып қоңырауын соғып кіріп, келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегін қандай әдemi т.б) Таңғажайып сөмке – Сөмкеден сиқырлы зат шығарып, балаларға "сәлем!" деу
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелесу
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік,	Д/о: «Сөйлемді жалғастыр» балаларды берілген тапсырманы	Сюжетті –рөлдік ойын «Дәрігер»	Көңілді санамақтар «Санамақтар» Санауға деген	Ертегі оқып беру «Шалқан» Ертегісін үстел	Саусақ ойыны «Кірпі» Момақанмын алайда

шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	мұқият тыңдап отыруға, үйрету. Коммуникативтік дағдылар	Дәрігердің қызметін білгізу. Ірі құрылыс материалдарымен түрлі түсті нысанда құрастыру. Шығармашылық дағдылар	қызығушылықтарын ояту. Танымдық дағдылар	үстінде театрландыру Коммуникативтік дағдылар	Тікенім көп абайла Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме, жарайма Коммуникативтік дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)	Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату	Мамыр айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие	Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету,

		еңбек әрекеті)		қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)	кезекшілердің еңбек әрекеті)
	Мақал-мәтел: «Арпа-бидайас екен, Алтын-күміс тас екен»	Нақыл сөз: «Астан-жілік,тойдан ілік»	Тыйым сөз: «Ас ішіп болған соң «тойдым»деуге болмайды, «қанағат»деу керек»	Мақал-мәтел: «Асы бар аяқтан аттама»	Нақыл сөз: «Асқа ең жақсы дәмдеуіш-аш қарын»
Ұйымдастырылған іс- әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі – ҰІӨ)	Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатыстыкеңістік бағыттарын анықтауды жетілдіру: оң-сол.	Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураны зерттеуге мүмкіндік беру.	Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеуін дамыту	Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.	Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.
Кестеге сәйкес ҰІӨ 3 жас	Дене тәрбиесі Қолдарды алға созып, жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру; Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңғажәне солға бұрылып тебу	Дене тәрбиесі сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру.	Музыка Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуынажыратуға үйрету; оларды атай білу	Қазақ тілі Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануды пысықтау.	Дене тәрбиесі сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру; алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура жүгіру. аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне домалату доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр)

					еңбектеу. 15-20 сантиметр биіктіктен секіру саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.
